

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күші жойған

Түркістан облысы Қазығұрт ауданы Қазығұрт ауылы округі әкімінің 2022 жылғы 7 қарашадағы № 84 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 11 қарашада № 30495 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Қазығұрт ауданы Қазығұрт ауылдық округі әкімінің 2023 жылғы 4 қаңтардағы № 2 шешімімен

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Қазығұрт ауданы Қазығұрт ауылдық округі әкімінің 04.01.2023 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қазығұрт аудандық аумақтық инспекция басшысының 2022 жылғы 22 қазандағы № 02-05/335 ұсынысы негізінде, ШЕШТІМ:

1. Түркістан облысы Қазығұрт ауданы Қазығұрт ауылдық округі Қазығұрт елді мекені Д.Қабашбаев көшесіндегі № 19-27 көшелерінің аумағына мүйізді ұсақ малдар арасында бруцеллез ауруының пайда болуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазығұрт ауылдық округінің әкімі

К. Садықов